

Бастауыш сынып оқушыларын сауатты, көркем жазуға үйрету

Көркем жаза білудің әр адам үшін маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Көркем жазуға үйрену оқушының мектеп тағалдырығын аттаған күнінен басталады. Көркем жазудың мақсаты – дұрыс, анық, тез жазуды және оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйреніп қана қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөліп, әрбір әріптің элементтерін дұрыс сақтап жазуға, әріптерді оңа қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру керек. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыруы керек, қаламсалпы дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы – осының бәрі баланың кезіне, жазуына, жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Көркем жазу сабағына қойылатын гигиеналық талаптарға көңіл бөлу керек.

- Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек.

- Сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады.

- Бала мен партаның арасына жудырық сыятындай болуы керек.



- Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт.

- Оң қолмен жазса, жарық сол жақтан, сол қолмен жазса оң жақтан түсуі керек.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалылық принципі: мұғалім әріптерді қығашынан

жазуды, биіктігінің қандай болу керектігін түсіндіреді.

3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланылады. Жазылған жазулардың дұрыстығын тексеріп отыру керек.

4. Генетикалық принципі алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер а, о, ш, т, п, н..... қолы жаттыққаннан кейін қ, ж, б, в, ф, т, ф..... т.с.с.

Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде түрлі жазба жұмыстардың – жаттығулар, сөйлемдер, мазмұндама, шығарма, диктанттардың пайдасы зор. Оқушыларды қатесіз жазуға дағдыландыру үшін көшіріп жазуға көп көңіл бөлу керек немесе сөйлемде қалдырып кеткен сөздерді дұрыс тауып, оны орнына қойып, үйлестіріп жазу, берілген сөздерден сөйлем құрал жазу, сұрақтарға толық жауап жазу сауаттылыққа кемеігін тигізіп отырады.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғышарты әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін бір-бірінен дұрыс ажыратып, жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Әсем, қатесіз, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру – сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты.

Г.ҚАСЫМОВА,

Мәдени жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.



Мерекелі, берекелі алтын күз

*ЛЕСБЕК Ерсұлтан Мадиярұлы,
«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ 2 «А» сынып оқушысы.*

*Жетекшісі: Бастауыш сынып мұғалімі Қасымова Гүлзада
Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

Күз - бұл өте тамаша мезгіл. Күз мезгілі адамның көңіл-күйі сияқты құбылмалы. Бірде жаңбыр жауса, бірде күн шайдай ашылады. Күзде білім күні басталады. Барлық бала алтын ұя мектебіне, мейірімді ұстазына асығады. Жазғы демалыстан сыныптас достар сағына қауышады.

Күз мезгілінде жапырақтар сарғайып, айнала алтын түске боялады. Жерге кілем төселгендей болады. Мен күз мезгілінің осы уақытын өте жақсы көремін!

Күз – берекелі де мерекелі ай. Барлық жеміс-жидектер, көкөністер пісіп, диканшылар өнім жинап, мәре-сәре болатын тамаша ай. Күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің айы. Қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез. Құстар да жылы жаққа ұша бастады. Қарлығаштар көптеп көрінбейді. Аспанда тырналар да тізіліп ұшып барады. Барлығы әсерлі, өте керемет.

Білмегенді үйреніп, білгенді қылса, есті сол.

Шәкәрім

Ақылды балалар журналы

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ, ДАМУШЫЛЫҚ, ӘДЕБИ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚҰЛАҚҚАПТЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

ЛЕСБЕК Ереулан Мадиярулы,
Мәдени жатты білім беретін мектебінің
3 сынып оқушысы.

Жобаның жетекшісі: РАШИМОВА Гүлзада Қатыбекқызы,
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



Мақсаты: Құлаққапты қолдануға жасөспірімдер арасында сараптама жасап, тиімділігін көрсетіп, кері әсерін анықтау.

Міндеттері:

- Құлаққап туралы жалпылама ақпарат беру;
- Құлаққаптың зиянды жақтарын мысалдар көрсету арқылы дәлелдеу;
- Құлаққапқа тәуелділіктен арылу
- Құлақты құлаққаптан құтқару керек



Мен осы жобама дайындық жүргізу барысында, өзім құлаққаппен музыка және видеолар 3 сағат үзбей көріп, тыңдадым. Сол кездегі құлаққаптан алған әсерімді айтып немесе жазып жеткізу өте ауыр. Құлаққапты шешкен уақыттан кейін басым ауырды және есту қабілетім бәсеңдеп қалған сияқты болды. Және де не нәрсеге тез ашуланып тұрдым, сол сәтте. Артынша, ойласам бір күнде 3 сағат құлаққап киген менде осындай әсерлер пайда болса, күнделікті үзбей 3 сағат құлаққап кием не болады деген сұрақ мазамды алды. Анықтау мақсатында Төлеби аудандық ауруханасының «Құлақ ауруларын емдейтін» дәрігерден кеңес алдым. Кеңес барысында құлаққаптың құлаққа зиян екенін түсіндіріп айтып берді. Құлаққапты пайдалану арқылы кереметтік ауруына тап болатынымызды, сонымен қатар құлаққапты 3 сағаттан артық тыңдаған адамның бас миының тамырлары тарылып

болатынын айтты. Құлаққап арқылы отит, паротит инфекцияны туғызады. Осының алды алу үшін құлаққапты тыңдар алдында спиртті сүртіп тыңдаған жөн екен.



Құлаққап туралы мәліметтерді интернеттен і

Құлаққап туралы түсінік

Құлаққап (орысша-наушники, ағылш. headphone) — музыка және басқа да дыбыстық сигналдарды тыңдауға арналған құрылғы. Микрофонмен жиынтықта телефо арқылы сөйлесу құралы. Сонымен қатар, құлаққаптар дыбыс жазушы студияларда жазылып жатқан музыкалық композиция тректерін бақылау үшін қолданылады.



Құлаққаптың құлаққа әсері мен зияны

Бүгінгі ұрпақ тым жетіліп кеткен. Жан-жақты
Үнемі құлағымен ән тыңдап, көзімен сабақ оқ

ҒЫЛЫМ МАҒАН ҚЫЗЫҚТЫ...

кезектіресін. Көшеде, автобуста, айналамыздың барлығы толған құлаққап таққан адамдарға толы. Тіпті құлаққаптың екі жабындысын екі адам тағып алып, ән тыңдап кетіп бара жатқанын көріп таңдануға да болмайды.

Қос құлақты бірдей жапқан қалқандай дәулері сәнге ене бастады.

Құлақ ауруы-өте қауіпті



Адамның сезу мүшелерінің ішіндегі ең сезімтал мүшесінің бірі құлағымыз болмаса біз ешқандай дыбысты ести алмас едік. Ал қартайған сайын оның барлық мүшелерінің қызметтері бәсеңсі жастар өздерін өздері ерте қартайтып бара жатыр деп ойлаймыз, телефонға жиі үніліп, көзіміздің көруін нашарлатамыз, ал құлағымыз, құлақтың есту қабілетін бұзамыз.

Музыка тыңдаған дұрыс-ау, бірақ құлаққаппен емес, радио магнитофонмен, теледидардан да тыңдаса болады, жастарымыз ескерсе екен. Құлаққап бізге ыңғайлы, жақсы болып көрінгені келе оның қандай ауруларға шалдықтыратынын ескере бермеі

Қорытынды

Осы жоба жұмысым арқылы құлаққаптың пайдасы жағынан зиян жақтары көп екенін айтқым келді. Құлаққапты тағу қаншама оқыс жағдайлар мен құлақ ауруына шалдықтырып, адам санасын улап жатыр.

Болашақ жастарымыздың осы құлаққап тағудан бойларын аулақ ұстауына шақырамын, және жолдастарыма, сыныптастарыма құлаққаптың зияның айтып, құлаққап тағудан аулақ болуыларына насихат жұмыстарын жүргіземін. Бүгінгі шарықтаған, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның болашағы - біз жастардың қолында екенін ұмытпауымыз қажет!





ОТБАСЫ — БАҚЫТ ҰЯСЫ

КАСИМОВА Гүлзада Калыбековна,
Мәдени жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Мақсаты:

- Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

- Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.

Әдісі: әңгімелеу, топтастыру, сұрақ-жауап.

Көрнекі құралдар: отбасы туралы мақал-мәтелдер, нақылсөздер, суреттер.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу назарын аудару, психологиялық ахуал туғыз.

Қане, қане, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Тұр сақ үлкен шеңберге,
Алақанға ұрайық.

Жұмбақ жасыру.

Маған да, саған да,

Жақын, туыс адамдар.

Бәрі де өз жұртын,

Айтындар, олар, кім? (Отбасы)

Топқа бөліну. Өлең арқылы

1-топ Ата тобы 2-топ. Әже тобы 3-топ. Бала тобы

1. Тапсырма

«Адасқан әріптер» әдісі

Әріптерден сөз құрау

1-топ Отбасы

2-топ. Бақыт

3-топ. Ұясы.

1. -Оқушылар жалпы отбасы деген ұғымды сендер қалай түсінесіңдер?

-Отбасы деген не?

-Отбасы құрамы деген кімдер?

1-оқушы

Айтары мол ғұлама,

Көп жасасын бұл адам,

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған. Ол кім?

2-оқушы

Ертегі айтып береді,

Күнімен саған ереді.

Әкешіңнің анасы,

Әкең оған баласы. Ол кім?

3-оқушы

Атаның баласы,

Кей кезде таласып.

Қаласың әжеге

Білгенің асады кәдеге.

Ол кім?

4-оқушы

4. Бала бала, бала деп,

Түнде шошып ояңған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Түнде бесік таянған.

Қолын қатты тигізбей,

Кірлі көйлек кигізбей.

Иісін жұпар аңқытқан.

Бұл кім?

5-оқушы

Отбасы – адамзаттың алтын ұясы. Адам баласы дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп, ер жетеді. Отбасы - адамзат баласының түп қазығы, алтын ұясы.

6-оқушы

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю - отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

7-оқушы

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар – ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ деп ойлаймын.

8-оқушы

Отбасының басты қызығы, алтын тіреу дінгері – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың, міндетін атқару ғана емес, береке - бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына

айналары сөзсіз.

9-оқушы

Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Ата – асқар тау, Ана – бауырдағы бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ – деп ата – ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген.

10-оқушы

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап – тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі.

11-оқушы

Шаңырағымыздың ақылшысы, арқа сүйер әкелеріміз, бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербеткен, түн ұйқысын төрт бөлген – аяулы аналарымыз, әрдайым бізге көмектесетін, ақылын айтатын – ағаларымызбен әпкелеріміз, Қатал көрінгенмен өте мейірімді. Ол көзділдірік киетін, көп кітаптар оқитын, көптеген қызықты оқиғаларды білетін, зейнетақы алатын аталарымыз, немерелеріне қарайтын, өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, дәмді тағамдар пісіретін, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып беретін әжелеріміз аман болсын.

Ән. Анам менің

12-оқушы

Ақ сүтін берген анашым,
Ақылды менің данашым.
Өзіндей жанды әлемнен,
Қайдан табамын анашым?!
Мейірім төккен баршаға
Онымен өмір қаншама?
Анасыз өмір бола ма,
Айтындаршы, баршаң да?

13-оқушы

Тәттілерін сақтайды,
Айбарыма берем деп.
Мен тілеймін әрқашан,
Әжем аман болсын деп.
Әкем менің ардақты
Алтыннан да салмақты
Қиын-қиын жолдардан
Қорықпаймын ол барда
Әке деген ардақты ат
Өтемін оны ардақтап.

14-оқушы

Үнемі ақыл беретін,
Мен үшін әкем бәйтерек.
Әкенің алып тәрбиесін,

Азамат болып өсемін.

Көрініс



Мақал - мәтелдің жалғасын табу.

1-топ.

1. Атаға қарап -,

Анаға қарап -

2. Ананың көңілі балада,

3. Ата-ананың қадірін -

4. Ұяда не көрсен, (ұшқанда соны ілерсің)

5. Балалы үй базар, (баласыз үй қумазар)

6. Ата көрген оқ жонар, (ана көрген тон пішер)

2-топ

7. Ананың сүті – бал, (баланың тілі – бал)

8..... – ананың бауыр еті, көз нұры. (бала)

9. Әке – асқар тау, (ана- шалқар көл)

Ән: Әке мен ана

Отбасым менің — бақытым

Отбасым менің — шаттығым

Отбасым барда ешқашан

Үзілмес менің үмітім.

От басы – жылы ұямыз,

Тірегі – ата-анамыз.

Уыз сүт еміп осында,

Уылжып біздер өсеміз.

Осында үлгі аламыз,

Осында адам боламыз.

Еркелеп, ойнап, еліктеп,

Осында өсіп толамыз

Қорытындылау.

- Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат анамыз, қамқор әкеміз, қайырымды ата - әжеміз, аға - әпкеміз, іні - қарындасымыз туралы айттық. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек. Бәріміздің отбасымыз берік, бауырымыз бүтін болсын. Отбасы мүшелері аман – сау болсын



БІЛІМДІ ҰЛТ

EDUCATED NATION



Педагогтер мен балалардың
ғылыми-әдістемелік,
танымдық-тәрбиелік журналы

Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған.
Ыбырай Алтынсарин

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТЫНЫСЫ



Лицензия:
№ KZ25VPY00087073



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ШЫҢ

ҒЫЛЫМ СЫ



2024 ЖЫЛДЫҢ
ЖИНА
(ISBN 978-)

ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор.

БІЛІМ ШЫҢ АПЕЛ БАСМАЛЫ



ЖАЗБАША ТҮРДЕ КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ АЛГОРИТМІН ҚОЛДАНУ

КАСИМОВА Гулзада Калыбековна,
Мәдени жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалім
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.1.2.10 екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану		
Сабақтың мақсаты		екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмді қолданады		
Ойлау деңгейі		Білу, түсіну, қолдану, талдау		
Құндылықтарды дарыту		Білуге, жаңаны тануға құштар болу		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру Математика –қызық пән, Бәріміз оын білеміз. Қызықты есеп шығарып, Тез жауабын береміз.	Жақсы тілектер айтады		Смайлик
Өткенді пысықтау 3 минут	Үй тапсырмасын сұрау Өткенді пысықтау Сабаққа кіріспе	Үй тапсырмасын айтады	КБ	
Сабақтың ортасы 35 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру ФС-тапсырма. Жаңа тақырып. ҰЖ. Толық жауапты қажет ететін ашық тапсырмалар. №1. «Өрнектің мәнін тап» әдісі Өрнектің мәнін табындар. Сонда мына сөздерді айтқанын білетін боласындар. Білім-бұл жойылмайтын байлық. 189*2+145=523-К.Г.Паустовский	Өткенді пысықтайды Жауаптар айтады	Дескриптор	Тақта
Сергіту сәті 2 минут	Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге. 585:9+478=543-Абай Құнанбаев №2 «Жеке жұмыс» Есептеп дұрыстығын тексеріндер. 265*3=795 711:9=79 69*7=483 792:4=198 835:5=167 179*5=895	Тапсырманы орындайды	Өрнектің мәнін табады, сөздердің авторын анықтайды -16	
	№3 «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі. Амалдардың орындалу ретін анықтандар. Өрнектерді баған түрінде жазындар, есептендер. 432*2-346*2= 172 696:6+78*7=662 (125*3-60*3)+205=400 1000-(385*2+29*4)=114 59*4:2+198=316 324:4+628:2=395	Тапсырманы орындайды	Өрнектердің мәнін есептеп, тексереді-16	Оқулық
Кері байланыс 3 минут	№4. «Балмұздақ» әдісі Тікбұрышты үшбұрыштардың ауданын есептендер. S=2*4:2=4см ² S=2*2:2=2см ²	Тікбұрышты үшбұрыштардың ауданын есептейді-16	Амалдардың орындалу ретін анықтайды-16 Өрнектерді баған түрінде жазып, есептейді-16	дәптер
				Балмұзды суреті

	«Топта талқыла,шығар» әдісі. №5. Есептерді шығарыңдар. А) Шағын автобуста 16 орын бар, бұл жеңіл көліктегі орындарға қарағанда 4 есе артық. Шағын автобус пен жеңіл көлікте барлығы неше орын бар? III: $16+16:4=20$ Ж: барлығы 20 орын бар. Ә) 7 бумада 35 қойындәптер бар. Осындай 9 бумада қанша қойындәптер бар? III: $35:7*9=45$ Ж: Осындай 9 бумада 45 қойындәптер бар. Б) 6 кәмпит үшін 54 теңге төленді. Осындай 9 кәмпитке қанша теңге төленді? III: $54:6*9=81$ Ж: Осындай 9 кәмпитке 81 теңге төленді. В) 9 теңгеден 6 дәптер және 55 теңгеге 1 қойындәптер сатып алынды. Барлық сатып алынған затқа қанша теңге төленді? III: $9*6+55=109$ Ж: Барлық сатып алынған затқа 109 теңге төленді. ЕБҚ тапсырманың бірнешеуін орындайды,қолдау көрсетіледі Үйге тапсырма.№6 $2м4дм7см+6дм3см=310см=31дм=3м1дм$ $8м4дм9см+1м5дм1см=1000см=100дм=10м.$ $9м-35см=865см=8м$ Рефлексия: Бүгінгі сабақтан не түсіндіңдер? 	Есептейді Тапсырманы орындайды Кері байланыс жасайды Бүгінгі сабақтан не түсінгендерін стикерге жазып іледі	Дескриптор: Есептердің шешуін, жауабын табады-4балл. Дұрыс жүретін сағатты табады-16 ҚБ  Кері байланыс	Оқулық Кері байланыс тақтасы
--	--	---	--	--